

Протокол

Сводная таблица замечаний и предложений
по Заявлению о намечаемой деятельности ТОО "Орал Недра"
«Ликвидационные работы объекта недропользования - по добыче песчано-гравийной смеси на восточной части участка № 1 и на юго-восточном фланге участка 1 Уральского месторождения расположенного на территории г.Уральск Западно-Казахстанской области Республики Казахстан» от 10 декабря 2025 года
№KZ59RYS01501742

Дата составления сводной таблицы: 06.01.2026 г.

Место составления сводной таблицы: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 11.12.2025 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 11.12.2025 – 05.01.2026 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованный государственный орган	Замечания и предложения
1	Акимат Западно-Казахстанской области Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ЗКО	Замечания и предложения (письмо от 19.12.2025 №4-12/2133) «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен келісім алу керек.
2	Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии Комитета геологии Министерства промышленности и строительства РК «Запказнедра»	Замечания и предложения (письмо от 17.12.2025 г. № 26-10-10-2440) Департамент не является заинтересованным государственным органом в намечаемой деятельности компаний.
3	Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию, охране и использованию водных ресурсов Комитета по регулированию, охране и использованию водных ресурсов Министерства водных ресурсов и ирригации РК	Замечания и предложения (письмо от 17.12.2025 г. №28-7/2853) Установлено, что деятельность, проводимая в восточной части и юго-восточном фланге участка №1 Уральского месторождения на территории города Уральска Западно-Казахстанской области РК, расположена на территории водного объекта «Карьер» 51°14' с.ш.; 51°29' с.ш.; 57,41" в.д согласно представленной координате. Согласно п. 2 статьи 16 Кодекса, к поверхностным

водным объектам относятся:

- реки;
- озера;
- моря;
- ледники, снежники;
- временные водотоки;
- водохранилища, пруды, **обводненные карьеры**;
- водно-болотные угодья;
- каналы, приравненные к рекам.

При этом в соответствии с постановлением акимата Западно-Казахстанской области от 24 февраля 2017 года № 52 «Об установлении водоохранных зон, полос и режима их хозяйственного использования Западно-Казахстанской области» были установлены водоохранные зоны и полосы водных объектов Западно-Казахстанской области, определен режим хозяйственного использования.

В Постановлении указаны водный объект – его участок, место расположение (населенный пункт), протяженность границы(км), площадь(га) и ширина (м).

Однако водный объект «Карьер» отсутствует в постановлении перечне водных объектов, то есть водоохранная зона и водоохранная полоса не установлены.

В связи с этим Инспекцией установлено, что в соответствии с пунктом 8 статьи 44 Земельного Кодекса РК предоставление земельных участков, расположенных в пределах пятисот метров от береговой линии водного объекта, осуществляется после определения границ водоохранных зон и полос, а также установления режима их хозяйственного использования, за исключением земель особо охраняемых природных территорий и государственного лесного фонда, земель для размещения и обслуживания рыбного хозяйства и аквакультуры, а также учитывая, что они осуществляются после установления режима хозяйственного использования, водный объект «Карьер» может рассмотреть после установления водоохранной зоны и водоохранной полосы.

Также вносить предложения согласно приложению к установленной деятельности.

1. Реализацию намечаемой деятельности связанной со строительством (или не связанной со строительством) на территории водных объектов и их водоохранных зон и полос (установленных акиматами соответствующих областей) осуществляется с учетом ограничений и запретов установленных в соответствии с требованиями статьи 86 Водного кодекса Республики Казахстан, в частности:

		1.1. На поверхностных водных объектах запрещаются: проведение операций по недропользованию, за исключением поисково-оценочных работ на подземные воды и их забора, операций по разведке или добыче углеводородов в казахстанском секторе Каспийского моря, а также старательства, добычи соли поваренной, лечебных грязей; загрязнение и засорение радиоактивными и токсичными веществами, твердыми бытовыми и производственными отходами, ядохимикатами, удобрениями, нефтяными, химическими продуктами в твердом и жидком вид; сброс сточных вод, не очищенных до нормативов допустимых сбросов; забор и (или) использование вод без утвержденного водного режима и разрешения на специальное водопользование; купание и санитарная обработка сельскохозяйственных животных; проведение работ, связанных со строительной деятельностью, сельскохозяйственными работами, бурением скважин, санацией поверхностных водных объектов, и иных работ без согласования с бассейновой водной инспекцией; захоронение выведенных из эксплуатации (поврежденных) судов и иных плавучих средств, транспортных средств (их механизмов и частей). 1.2. В пределах водоохранных полос запрещаются любые виды хозяйственной деятельности, а также предоставление земельных участков для ведения хозяйственной и иной деятельности, за исключением: строительства и эксплуатации: водохозяйственных сооружений и их коммуникаций; мостов, мостовых сооружений; причалов, портов, пирсов и иных объектов инфраструктуры, связанных с деятельностью водного транспорта, охраны рыбных ресурсов и других водных животных, рыболовства и аквакультуры; рыбоводных прудов, рыбоводных бассейнов и рыбоводных объектов, а также коммуникаций к ним; детских игровых и спортивных площадок, пляжей, аквапарков и других рекреационных зон без капитального строительства зданий и сооружений; пунктов наблюдения за показателями состояния водных объектов; берегоукрепления, лесоразведения и озеленения; 1.3. В пределах водоохранных зон запрещаются: ввод в эксплуатацию новых и реконструированных
--	--	---

объектов, не обеспеченных сооружениями и устройствами, предотвращающими загрязнение и засорение поверхностных водных объектов, водоохраных зон и полос;

размещение и строительство автозаправочных станций, складов для хранения нефтепродуктов, пунктов технического осмотра, обслуживания, ремонта и мойки транспортных средств и сельскохозяйственной техники;

размещение и строительство складов и площадок для хранения удобрений, пестицидов, ядохимикатов, навоза и их применение. При необходимости проведения вынужденной санитарной обработки в водоохраной зоне допускается применение мало-и среднетоксичных нестойких пестицидов;

размещение и устройство свалок твердых бытовых и промышленных отходов;

размещение кладбищ;

выпас сельскохозяйственных животных с превышением нормы нагрузки, размещение животноводческих хозяйств, убойных площадок (площадок по убою сельскохозяйственных животных), скотомогильников (биотермических ям), специальных хранилищ (могильников) пестицидов и тары из-под них;

размещение накопителей сточных вод, полей орошения сточными водами, а также других объектов, обуславливающих опасность радиационного, химического, микробиологического, токсикологического и паразитологического загрязнения поверхностных и подземных вод.

2. Объекты, размещение которых не противоречит положениям настоящей статьи, должны быть обеспечены замкнутыми (бессточными) системами технического водоснабжения и (или) сооружениями и устройствами, предотвращающими загрязнение, засорение и истощение водных объектов, водоохраных зон и полос, а также обеспечивающими предупреждение вредного воздействия вод.

3. Порядок хозяйственной деятельности на водных объектах, в водоохраных зонах и полосах определяется в рамках проектов, согласованных с бассейновыми водными инспекциями, государственным органом в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, местными исполнительными органами области, города республиканского значения, столицы и иными заинтересованными государственными органами.

4. Проекты строительства транспортных или инженерных коммуникаций через территорию водных

		объектов должны предусматривать проведение мероприятий, обеспечивающих пропуск паводковых вод, режим эксплуатации водных объектов, предотвращение загрязнения, засорения и истощения вод, предупреждение их вредного воздействия. 5. Для осуществление планируемой деятельности, связанной использованием поверхностных и (или) подземных водных ресурсов с изъятием или без изъятие допускается только при наличии разрешения на специальное водопользования в соответствии с требованиями статьи 45 Водного Кодекса Республики Казахстан.
4	Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 17.12.2025 г. № 4-6/1793).
5	Департамент по чрезвычайным ситуациям Западно-Казахстанской области Министерства по чрезвычайным ситуациям РК	Замечания и предложения (письмо № 21-15-8-7/6056 от 15.12.2025 г.) При проведении работ по рекультивации месторождения по добыче песчано-гравийной смеси на восточной части участка № 1 и на юго-восточном фланге участка «Уральского» месторождения расположенного на территории города Уральск Западно-Казахстанской области в случае если предусматривается использование опасных технических устройств, необходимо строго соблюдать требования промышленной безопасности.
6	Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 25.12.2025 г. № 23-28-7-14/3568-И): 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 9, 19 бабына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес жер қойнауын пайдалану объектілерін жою жұмыстарын бақылау департаменттің және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыретіне кірмейтінін хабарлайды. Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою жұмыстары кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығымен бекітілген «Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын" басшылыққа алуды ұсынамыз.

7	Западно–Казахстанская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 30.12.2025 г. №2-12/863) Өтініштегі көзделіп отырған қызметтің сипаттамасы бойынша, сұратылып жатырған жер учаскесі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына және мемлекеттік орман қорының жерлеріне жатпайды. Бұдан басқа жұмыстарды жүргізу кезінде, 2023 жылғы 2 қаңтардағы №183-VII ҚРЗ «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36, 45 баптарын және Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 17 бабының талаптарын ескеру қажет екенін қаперіңізге саламыз.
8	Управление строительства ЗКО	Не представлено
9	Акимат города Уральск ГУ Отдел жилищно – коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог г.Уральск	Замечаний и предложений нет (письмо от 24.12.2025 г. № 3-2/5430).
10	Заинтересованная общественность	Не представлено

"Орал Недра" ЖШС-нің
«Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының аумағында
орналасқан Орал кен орнының №1 учаскесінің шығыс бөлігінде және 1 учаскесінің
оңтүстік-шығыс флангінде құм-қиыршықтас қоспасын өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалану объектісін жою жұмыстары» белгіленіп отырған қызметі туралы 2025
жылғы 10 желтоқсандағы № KZ59RYS01501742
өтініші бойынша
ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 06.01.2026 ж.

Жиынтық кесте жасалған орын: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 11.12.2025 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 11.12.2025 – 05.01.2026 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер (19.12.2025 №4-12/2133 хаты) «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен келісім алу керек.
2	Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан геология департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер (17.12.2025 г. №26-10-10-2440 хаты): Департамент компанияның жоспарланған қызметіне мүдделі мемлекеттік орган болып табылмайтындығын хабарлаймыз.
3	Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану	Ұсыныстар мен ескертулер (17.12.2025 ж. №28-7/2853 хаты): ҚР Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы аумағында Орал кен орнының №1 учаскесінің шығыс бөлігінде және оңтүстік-шығыс флангында жүргізілетін қызмет, ұсынылған координатқа сәйкес 51°14' 45,86" с.ш.; 51°29' 57,41" в.д: «Карьер» су нысанының аумағында орналасқаны анықталды.

жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы	Су кодексінің 16-бабы, 2 тармағына сәйкес жерүсті су объектілеріне мыналар жатады: - өзендер; - көлдер; - теңіздер; - мұздықтар, көпжылдық қар; - уақытша су ағындары; - су қоймалары, тоғандар, суланған карьерлер; - сулы-батпақты алқаптар; - өзендерге теңестірілген каналдар. Осы ретте, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 ақпандағы №52 «Батыс Қазақстан облысының су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы» қаулысына сәйкес, Батыс Қазақстан облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленіп, шаруашылықта пайдалану режимі айқындалған болатын. Қаулыда су объектісі, оның учаскелері, орналасқан жері (елді мекен), шекарасының ұзындығы (км), су қорғау аймағы және су қорғау белдеуі көрсетілген. Алайда, «Карьер» су нысаны қаулыдағы су объектілерінің тізімінде жоқ, яғни су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі белгіленбеген. Осыған орай, Инспекция Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44 бабының 8-тармағына сәйкес, су объектісінің жағалау жиегінен бес жүз метр шегінде орналасқан жер учаскелерін беру ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қорының жерлерін, балық өсіру шаруашылықтарын орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жерлерді қоспағанда, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары айқындалғаннан, сондай-ақ олардың шаруашылық пайдаланылу режимі белгіленгеннен кейін жүзеге асырылатындығын ескере отырып, «Карьер» су нысанының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі белгіленгеннен кейін қарастыратынын қаперіңізге береді. Сонымен қатар белгіленіп отырған қызметке қосымшаға сәйкес ұсыныстарды енгізеді. 1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Су кодексінің 86 бабының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: Жерүсті су объектілерінде:
--	--

1.1. жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын және оларды алуды, Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды, сондай-ақ кен іздеушілікті, ас тұзын, емдік балшықтар өндіруді қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге;

радиоактивті және улы заттармен, тұрмыстық қатты және өндірістік қалдықтармен, улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, қатты және сұйық түрдегі мұнай, химия өнімдерімен ластауға және қоқыстауға;

жол берілетін төгінділер нормативтеріне дейін тазартылмаған сарқынды суларды ағызуга;

бекітілген су режимінсіз және арнаулы су пайдалануға рұқсатсыз суды алуға және (немесе) пайдалануға;

ауыл шаруашылығы жануарларын тоғытуға және санитариялық өңдеуге;

бассейндік су инспекциясының келісімінсіз құрылыс қызметіне, ауыл шаруашылығы жұмыстарына, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға байланысты жұмыстарды және өзге де жұмыстарды жүргізуге;

пайдаланудан шығарылған (бүлінген) кемелерді және өзге де жүзу құралдарын, көлік құралдарын (олардың тетіктері мен бөліктерін) көмуге тыйым салынады.

1.2. Су қорғау белдеулері шегінде шаруашылық қызметтің кез келген түріне, сондай-ақ шаруашылық және өзге де қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады, бұл тыйымға мынадай жағдайлар:

су шаруашылығы құрылысжайлары мен олардың коммуникацияларын; көпірлерді, көпір құрылысжайларын;

айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, балық аулау мен аквашаруашылық қызметіне байланысты өзге де инфрақұрылым объектілерін;

балық өсіретін тоғандарды, балық өсіретін бассейндер мен балық өсіретін объектілерді, сондай-ақ оларға коммуникацияларды;

ғимараттар мен құрылысжайлардың күрделі құрылысынсыз балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын, жағажайларды, аквапарктерді және басқа да рекреациялық аймақтарды;

су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін салу және пайдалану;

жағалауды нығайту, ағаш өсіру және көгалдандыру қызметтері кірмейді.

1.3. Су қорғау аймақтары шегінде:

жерүсті су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

автожанармай құю станцияларын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын техникалық қарап-тексеру, оларға қызмет көрсету, жөндеу және жуу пункттерін орналастыруға және салуға;

тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, көнді сақтауға және оларды қолдануға арналған қоймалар мен алаңдарды орналастыруға және салуға тыйым салынады. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған кезде уыттылығы аз және орташа, жойылуы оңай пестицидтерді қолдануға жол береді;

тұрмыстық қатты және өнеркәсіптік қалдықтардың үйінділерін орналастыруға және жайғастыруға;

зираттарды орналастыруға;

жүктеме нормасынан асатын ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға, мал шаруашылықтарын, мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтердің арнаулы қоймаларын (көмінділерін) және олардың ыдыстарын орналастыруға;

сарқынды суларды жинақтағыштарды, сарқынды сулармен суару алқаптарын, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық ластану қаупін туғызатын басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

2. Орналастырылуы осы баптың ережелеріне қайшы келмейтін объектілер су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбайтын, сондай-ақ судың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін техникалық сумен жабдықтаудың тұйық (ағынсыз) жүйелерімен және (немесе) құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілуге тиіс.

3. Су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық қызмет тәртібі бассейндік су инспекцияларымен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген жобалар шеңберінде айқындалады.

		4. Көлік немесе инженерлік коммуникацияларды су объектілерінің аумағы арқылы салу жобалары тасқын сулардың өтуін, су объектілерін пайдалану режимін, сулардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбауды, олардың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүргізуді көздеуге тиіс. 5. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға Қазақстан Республикасының Су кодексінің 45 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда.
4	Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (17.12.2025 ж. №4-6/1793 хаты)
5	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігі Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер (№ 21-15-8-7/6056 от 15.12.2025 ж. хаты) Батыс-Қазақстан облысы Орал қаласы аумағында орналасқан №1 және оңтүстік шығыс қапталындағы құм қиыршық тас өндіретін «Уральское» кен орны бойынша рекультивация жүргізу жұмыстарын жүргізу барысында қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалану қарастырылған жағдайда, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет.
6	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті	Замечания и предложения (письмо от 25.12.2025 г. № 23-28-7-14/3568-И): 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 9, 19 бабына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес жер қойнауын пайдалану объектілерін жою жұмыстарын бақылау департаменттің және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыретіне кірмейтінін хабарлайды. Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою жұмыстары кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығымен бекітілген «Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын" басшылыққа алуды ұсынамыз.

7	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (30.12.2025 ж. №2-12/863 хаты) Өтініштегі көзделіп отырған қызметтің сипаттамасы бойынша, сұратылып жатырған жер учаскесі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына және мемлекеттік орман қорының жерлеріне жатпайды. Бұдан басқа жұмыстарды жүргізу кезінде, 2023 жылғы 2 қаңтардағы №183-VII ҚРЗ «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36, 45 баптарын және Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 17 бабының талаптарын ескеру қажет екенін қаперіңізге саламыз.
8	Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы	Ұсынылған жоқ
9	Орал қаласының әкімдігі «Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (24.12.2025 ж. № 3-2/5430 хаты)
10	Мүдделі жұртшылық	Ұсынылған жоқ